



Published on Информационно-Аналитический центр (<http://iac.kz>)

[Home](#) > Стокгольм скандинавия елдері арасында үздік студенттік қалалар рейтингінің көшін бастады

---

*The Local, 12.01.2016*



QS Топ-200 жариялаған үздік студенттік қалалар (QS Best Student Cities) көшін төртінші жыл қатарынан Францияның астанасы Париж бастап отыр. Сонымен қатар Берлин мен Мюнхен неміс қалалары, британдық Лондон мен швейцариялық Цюрих те тізімге енді.

Стокгольм скандинавия елдері арасында үздік студенттік қала деп танылды.

*Анықтама үшін:* QS Best Student Cities Рейтингі 2013 жылдан бастап өтеді. Рейтингті қалыптастыру кезінде университет рейтингі, қаладағы студенттер үлесі, қауіпсіздік, оқуды аяқтағаннан кейін жұмысқа тұру мүмкіндігі және студенттердің тұрғын үй алудың жетімділігі ескеріледі.

Стокгольм, атап айтқанда, қауіпсіздіктің жоғары деңгейі, университет әкімшілігінің ашықтығы және ауаның ластану деңгейінің төмендігі үшін жоғары бағаланды.

Стокгольмде QS әлемдік рейтингтің топ-200 (QS World University Rankings) енген екі ЖОО бар: Стокгольм университеті (Stockholm University) және Корольдық технологиялық институт (KTH Royal Institute of Technology).

Мамандықтар бойынша QS рейтингінде (QS World University Rankings by Subject) басқа швед ЖОО да жоғары бағаланды. Мысалы, Каролинска Институты (Karolinska Institute) стоматологтар даярлау бойынша үздік оқу орны деп танылды, Швед Ауылшаруашылық ғылымдары университеті (Swedish University of Agricultural Sciences) өз саласындағы үздік университеттер қатарына енді, ал Гетеборг университеті (University of

Gothenburg) жетекші техникалық жоғары оқу орны деп танылды.

Стокгольмге рейтингте жоғарылауға кедергі жасайтын мәселелер - қала халқы ішінде студенттер үлесінің аз болуы мен өмір сүру бағасы деңгейінің жоғарылығы.

---